Сонымен қазақ өнері қазіргі кезде ұлттық өнердің тұғырынан таймаған, керісінше ұлттық құндылықтарымыз жаңаша көрініс тауып, үстемеленіп байып келеді.

Мәдени даму үдерісінің екі жағдайына басты назар аударуымыз қажет. Алдымен тұрақты дамуына мүмкіндік жасау, екіншіден жаналыққа ұмтылуға іс-қимыл көрсету. Халықтың рухани мәдени байлықтарын қалпына келтіре отырып ұлттық байлыққа ұмтылдыруға ізгілікті еңбек етуіміз керек. Тарихи мұраларды түгелдеуде мемлекет тұтастығының символына айналдыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Жаңа дәуір тынысын сезінуде ұлттық құндылықтарға ерекше мән беру басты мақсатымыз. Болашағын ойлаған ел ғана ұлттық мұрасын сақтай алады демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлибеков М.Б. *Қазақстанның қазіргі заманғы бейнелеу өнері// Бейнелеу өнері және сызу. - 2009. - №1. - 15-16с.*
2. *Словарь.aivazovski.ru*
3. [www.dmk.kz](http://www.dmk.kz)
4. Шалабаева Г. *Грани реализма. Изобразительное искусство Казахстана. - Алматы, 2010. - 224б.*
5. [gmirk.kz/html/index.php...](http://gmirk.kz/html/index.php...)

6. Байжігітов Б. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері.- Алматы: Ғылым-Өлке, 1998. – 192б.

#### Резюме

В данной статье рассматриваются современные тенденции в изобразительном искусстве Казахстана.

#### Summary

Modern tendencies of art of Kazakhstan has discussed at this article.

### **БОЛАШАҚ СУРЕТШІ-ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ-КӨРКЕМДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Г.А.Бекова –**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Көркем сурет факультетінің  
«Академиялық сурет» кафедрасының аға оқытушысы*

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесінің бірінші кезектегі міндеті жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау болып табылатын, оны айрықша сала ретінде түсінуді көздейтін жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, икемділік пен бейімділік беру қажет делінген[1].

Сондықтан қазіргі кезде мемлекетіміздің өркениетті елдердің қатарына қосылу жолында, қоғам алдында келер ұрпақты заман талабына сай интеллектуалды, жоғары мәдениеттілігі имандылығымен ұштасып жататын елжанды етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Осыған орай білім беру саласы мен тәрбие жүйесінде жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыру қажеттілігі туады.

Білім мазмұнының жаңаруы болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне де жаңа талаптар қоюда, өйткені оқушыларды оқытып тәрбиелеудің қаншалықты дәрежеде тиімді болуы мұғалімнің тұлғалық қасиеттеріне, оның теориялық және тәжірибелік даярлығының деңгейіне тікелей қатысты [3, 45б.]. Осыған орай, болашақ мұғалімдердің кәсіби-көркемдік құзіреттілігін қалыптастыру педагогика теориясы мен тәжірибесі үшін айрықша маңыз иеленеді. Қоғамдағы және білім берудің қазіргі жүйесіндегі жоғары деңгейлі кәсіби-көркемдік құзіреттілікке ие мұғалімге деген объективті қажеттіліктің болуы осыған айғақ.

Көркемдік тәрбие мәселесін болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін арттыру мақсатында қарастырып отырғандықтан, біздің зертеуімізге әдіснамалық бағыт-бағдар беретін жоғары оқу орындары кәсіби білім беру салаларына арналған Қ.Ж. Аганинаның, Б.Р. Айтмамбетованың, Б.Әбдікәрімұлының, Ш.Ә.Әбдіраманнның, С.Т.Каргинның, Б.Т.Кенжебековтың, Қ.М. Кертаеваның, С.З. Қоқанбаевтың, Р.М. Қоянбаевтың,

К.Қ.Құнантаеваның, Н.Ә. Мыңжановтың, Ж.Ы. Намазбаеваның, Д.Қ.Нұрғалиеваның, И.Н. Нұғымановтың, Т.С. Сабыровтың, А.П.Сейтешевтың, Ш.Т. Таубаеваның, Е.К. Төлемісовтың, Г.А. Умановтың, Ә.Ә. Усмановтың, Э.И. Шыныбекованың, Н.Д. Хмельдің еңбектерінің маңызы өте зор.

Бұл қатарға бір жағынан, «күзiреттiлiк», «кәсiби күзiреттiлiк», және «даярлық», «кәсiби даярлық», ұғымдары болса, тағы бір жағынан «эстетикалық» және «көркемдiк» ұғымдары жатады. Соңғы екеуiнiң аражiгiн iс-әрекет ұғымының төңiрегiнде қарастыра келiп, көркемдiк iс-әрекет кәсiби сипатқа ие болса, эстетикалық iс-әрекет тұлғалық қасиетке тән. Сондықтан, көркем-эстетикалық iс-әрекет кәсiби iс-әрекет бола алмайды, керiсiнше кәсiби-көркемдiк iс-әрекет деген түсiнiктiң туындауы әбден мүмкiн.

Сонымен, аталмыш ұғымдарды талдап аражiгiн анықтау барысында бiз келесi қорытынды жасадық: болашақ мұғалiмнiң кәсiби-көркемдiк күзiреттiлiгi педагогтарды кәсiби даярлаудың нәтижесi және кiрiктiрiлген кәсiби-тұлғалық сипаттамасы, яғни кәсiби-көркемдiк бiлiмдiлiк және бiлiктiлiк, кәсiби-көркемдiк iс-әрекетке лайық танымдық iскерлiк пен дағдылар, кәсiби мәнi бар тұлғалық қасиеттердiң бiртұтас жиынтығы болып табылады. Ол болашақ суретшi мұғалiмнiң кәсiби-көркемдiк әрекетiнiң сапасын анықтайды, үнемі өзгерiп тұратын кәсiби жағдайларда оңтайлы көркем iс-әрекет жасау қабiлетiнде көрiнедi және өзiн-өзi шығармашылық тұрғыда дамытуға, өнерге өзiндiк көзқарасы мен баға беруге дайындығын бейнелейдi.

Қоғамдағы бiлiм беру саясатын жүзеге асыру және қазiргi жаңаша бiлiм беруде әлеуметтiк - саяси өзгерiстерге байланысты болашақ суретшi – педагог маманды көркем теориялық бiлiм мен эстетикалық тәрбие беру iсi бүгiнгi жоғары мектептiң өзектi мәселесiнiң бiрiне айналып отыр[2, 112б.].

Жоғары мектеп негiзiнен адамның болашақтағы кәсiптiк iс-әрекетiне кәсiби бағдар алуының психологиялық және педагогикалық даярлығын қалыптастырады.

Орыс ғалымдары В.В. Давыдов, А.Н. Леонтьев, Н.Ф. Талызина, А.К.Маркова, П.Я. Гальперин, Д. Эльконин, Қазақстандық ғалымдар – М.М.Мұқанов, С.М. Жакупов және т.б. ғалымдар зерттеулерiнде, жоғары мектептегi оқу процесi – мақсат-мотивтерден қажеттi ақпаратты үлгi бойынша қабылдаудан басталып, күрделi көркем шығармашылық процестер мен алуан түрлi iс-әрекеттердi iске асырумен аяқталатыны белгiлi. Студенттердiң көркем сурет факультетiнiң оқу iс-әрекетiнде бiлiм жүйелерiнiң белгiлi көлемiн игерiп қана қоймай, олар оқу процесiнде өз бетiнше саналы да, шығармашылық тұрғыда iзденiп, ойын дәл анық жеткiзуге ұмтылдырады, сөйтiп, өз бiлiм қорын дамытуға, өнерге, бiлiмге деген көзқарастары, шығармашылық және танымдық қабiлеттерiн қалыптастыруда да ықпал етедi деп бiлемiз.

Жалпы осы мәселе туралы пiкiр айтатын болсақ, алдымен студенттердi болашақ ұстаз- суретшi маман ретiнде жалпы орта мектептерге сапалы кәсiби тұрғыдан даярлау мәселесiне тоқталайық. Олардың қатарына болашақ

суретші ұстаздың «Академиялық сурет» пәнінде теориялық, практикалық және тұлғалық-іскерлік даярлықтары бойынша игеретін білім мен іскерлік сапаларын атауға болады. Теориялық даярлық болашақ ұстаз- суретші маманның арнаулы және педагогикалық-психологиялық білімділігін қамти отырып, оның талдаушылық, болжаушылық, жобалаушылық және рефлексивтік біліктері мен іскерліктері болуын көздейді. Ал практикалық даярлық – сыртқы біліктерде көрініс табады. Оған жататындар: ұйымдастырушылық, коммуникативтік біліктер.

- Ұйымдастырушылық - мобилизациялық, ақпараттық, дамытушылық, бағдарлылық қасиеттер.

- Коммуникативтік - перцептивтік, педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық техника т.б жатады.

Қазіргі жоғары мектептің басты мақсаты - өз бетінше дами алатын, өз бетінше бағдарлана білетін, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра білетін шығармашыл жоғары білікті педагог маман қалыптастыру екендігі белгілі. Жастардың бойында қалыптастырылуы қажет қасиеттер алдымен ұстаздың өз бойында болуы тиіс дейміз. Сондықтан да қазіргі кездердегі ұстаздар терең де, жан-жақты білімді, шығармашыл да болуы шарт.

Сонымен болашақ суретші ұстаздың кәсіби даярлығын арттыру талабының жылма-жыл күшейіп отыруына байланысты педагогикалық процесті ұйымдастыру ұдайы жетілдіріле түсуде. Болашақ ұстаз-суретші мамандарды кәсіби тұрғыдан даярлаудың деңгейі «академиялық сурет» пәнінде оқытудың мақсат-міндеттерінің қаншалықты орындалуына, сондай-ақ аталған пәннің оқу-тәрбие процесінің оңтайлы құрылуы мен ұйымдастырылуына тікелей байланысты болатындықтан, бұл мәселе факультетімізде өз деңгейінде қарастырылып, оқу жоспарында елеулі орын алып, сонымен қатар, қазіргі кезде болашақ ұстаз суретшілерді кәсіби шығармашылық тұрғыда даярлау жүйесінің маңызды компонентіне айналып отыр.

Олай болса, болашақ ұстаз-суретші мамандарды «академиялық сурет» пәнінде кәсіби шығармашылық тұрғыдан даярлау іскерліктерін, біліктіліктерін және кәсіби-көркемдік құзыреттілігін қалыптастыру үшін:

1. Студенттердің ұстаз мамандығына деген сүйіспеншілігі мен тұрақты қызығушылығын арттыру, өздігінен аталмыш пәнде білімдерді оңтайлы пайдалану және тереңдету.

2. Болашақ ұстаз-суретші мамандардың кәсіби шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру.

3. Жалпы орта мектептердің бейнелеу өнері пәнінің оқу-тәрбие жұмыстарының қазіргі жайымен, озат педагогикалық іс-тәжірибелермен жан-жақты таныстыру.

4. Көркем шығармашылық іс-әрекеттермен шұғылдануда зерттеушілік тұрғыдан дағдыландыру.

Болашақ ұстаз-суретші мамандарды кәсіби шығармашылық тұрғыда даярлау процесі мен кәсіби-көркемдік құзыреттілігін қалыптастыруда факультетіміздің оқу пәндерімен, үздіксіз және педагогикалық

практикасымен, ғылыми –зерттеу жұмыстарымен қамтамасыз етіледі, яғни, бұл дегеніміз студенттердің кәсіби-педагогикалық іскерліктерін, кәсіби-көркемдік құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда факультетімізде көркем-эстетикалық білім мен тәрбие беру мәселелерінің әдіснамалық жағына назар салудың бір жағы «академиялық сурет» пәнінен студенттерге білім беру, оқыту, үйрету және де тиімді, сурет салу жолының оңтайлы әдіс-тәсілдерін меңгерту қазіргі таңда алға шығады. Әдіснамалық, танымдық іс-әрекеттер үрдістерінің амалдары мен жолдарының бір жүйесі ретінде факультетімізде «академиялық сурет» пәніне оқыту да маңызды рөл атқарады, оның нәтижелері көбінесе оқу процесінде қолданатын сурет салу жолындағы әдістердің жетілген дәрежесімен айқындалады.

Жоғары педагогикалық оқу орындарының көркем сурет факультеттерінде ұстаз-суретші мамандар даярлаудың қазіргі жәй-күйі олардың теориялық дайындығы мен қатар практикалық және кәсіби шығармашылық іс-әрекеттерге даярлығының да сапасын көтерудің жаңа жолдарын іздестіру қажеттігін талап етіп отыр.

Педагогикалық қызметке кәсіби шығармашылық тұрғыдан студенттерді даярлау мен кәсіби-көркемдік құзыреттілігін қалыптастыруда ұстаз-суретші маманның мектептегі сан-салалы жұмыстарын толық әрі табысты орындалуына бағытталған барлық іс-әрекеттердің тұтас көрінісін жатқыза аламыз.

Педагогикалық қызметке кәсіби даярлықты мынадай көрсеткіштер арқылы сипаттайды:

1. Студенттердің өз білімдеріне сенімділігі;
2. Алға қойылған кәсіби, көркем шығармашылық мақсат-міндеттерді шешуге деген ұмтылыс;
3. Әр түрлі педагогикалық жағдайларда өз іс-әрекетін, сезімін, басқаруға қабілеттілік;

Жоғары білікті ұстаз-суретші мамандарды кәсіби шығармашылық тұрғыда даярлау мен кәсіби-көркемдік құзыреттілігін қалыптастыруда маман ретінде, белгілі бір әлеуметтік-кәсіби топтың өкілі ретінде қандай талаптар қойылатынына да байланысты болады.

Қазіргі кездердегі талап - бұрынғы білімді жаңа білімдермен, ұғымдармен ауыстырылу қажеттілігіне байланысты, студенттер теориялық білімдермен шектеліп қана қоймай, (дәрістік курстар) сонымен қатар, әртүрлі көркем шығармашылық іс-әрекеттерде (шеберханаларда жұмыс, мұражайлар мен галереяларда өз жеке көрмелерін ұйымдастыру, көркем туындыларға терең талдау жасай білу қабілеттері т.б.с.с.) өзін көрсете білу үлкен маңызға ие.

Болашақ ұстаз-суретші маманның білім алу процесі барысында педагогикалық білім, іскерлік, дағды сияқты сапалар мазмұнын құрайтын кәсіби біліктіліктер басты маңызға ие. Өзінің кәсіби функциясын атқаруға болашақ ұстаз-суретші маманның дайын екендігінің бір өлшемі ретінде оның

көркем шығармашылық іскерлігі мен кәсіби-көркемдік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі мен жан-жақтылығы алынады. Қызметтің мақсаты мен оның орындалу жағдайы және әртүрлі амал тәсілдер арасындағы өзара байланыс психологиялық негіз болып табылады.

Ал, біліктілік жаңа жағдайларда сақталатын іс-әрекетке бейімділік ретінде шығармашылық іс-әрекетпен (бейнелеу іс-әрекеттері) тығыз байланысты болады. Неғұрлым біліктілік деңгейі жоғары болса, соғұрлым олардың шығармашылықтағы іс-әрекеттері соғұрлым айқынырақ таныла түседі[3,17-19б.].

Жоғары оқу орнының көркем сурет факультеттерінде жүргізілетін «академиялық сурет» пәнінің оқу-тәрбие жұмыстарының барлық жүйесінде студенттердің кәсіби, көркем шығармашылық бағытталуын қалыптастыруға сәйкестендіру қажет. Студенттердің кәсіби және көркем шығармашылық тұрғыда бағытталуын қалыптастыру «академиялық сурет» пәнінің оқу-тәрбие процесінің бірнеше түрлерінде, яғни, ол практикалық шығармашылық сабақтарында тиімді жүзеге асырылады.

Студенттермен жоғары оқу орнының көркем сурет факультетінің «академиялық сурет» пәнінің оқу-тәрбие процестерінде атқарылатын жұмыстардың мақсат-міндеттерін, мазмұнын ашып, сонымен қатар студенттердің талап тілектерін, пікірлері мен ойларын есепке ала отырып жұмыстар жүргізу. Мұндай жұмыстар болашақта студенттерді кәсіби бейімділігі мен құзыреттілігін қалыптастыру ісіне оң тәжірибе бола алады.

Студенттердің арасында педагогикалық мамандықтың артықшылықтарын көрсететін, ұстаз беделінің артуын көздейтін жұмыстар жүргізу қажет. Олар ұстаздық жұмысқа бейімделуімен қатар, педагогикалық шеберліктің артуына және мамандыққа деген оң көзқарас пен өзіндік қанағаттануына мүмкіндік жасайтын жағдайда өткізу қажет.

Осы жайларды нақтылы мақсат міндеттер, әртүрлі сұрақтар қою және оларды іске асыруға жағдай жасау арқылы студенттердің білімдерін тексеруге болады. Біліктілік дағдымен салыстыра қарағанда құбылмалы да, өзгермелі сипатқа ие болғандықтан, іс-әрекеттерді келешекте саналы түрде көркем шығармашылық сипатта жалғастырып жіберу мүмкіндігі мол[2,78б.].

«Дұрыс қанаттанған түзу ұшады» деген сөз бар емес пе? Сондықтан да, қазіргі кезде ертеңгі суретші - ұстаздың белсенділігін нығайту, адамгершілікті таныту, оқу-тәрбие процесін жетілдіру, оқытып тәрбиелеудің тиімділігін арттыру, білімділік мәселелерін шешетін оңтайлы әдістерді талдап, қажетті, тиімді жолдарын табу талабы бүгінгі өзекті мәселелердің қатарынан түспеуі қажет демекпіз.

#### *Әдебиеттер:*

- 1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы. - Астана, 2003.*
- 2. Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития: Материалы Международной научно-практической конференции 18-19 мая. – Алматы, 2004.*

3. Кусаинов А., Кожяхметова К., Демеуова М. Портрет учителя// *Казахстанская правда*. – 2004. - № 24-25.

#### Резюме

В данной статье автор раскрывает проблемы подготовки студентов ХГФ к профессионально-творческой деятельности, а также рассматривает некоторые вопросы формирования профессионально-художественной компетентности будущих художников-педагогов в вузе.

#### Summary

In this article, the author reveals the problems vocational training students creative activity of HGF and addresses some issues a professional artistic competence future artist's teachers college.

### **ДИЗАЙН ОДЕЖДЫ В КАЗАХСТАНЕ** **(вопросы профессиональной подготовки дизайнеров костюма)**

**Г.К. Танеке -**

*ст. преподаватель кафедры ДПИ*

В нашей стране, как и во всем постсоветском пространстве, понятие «дизайн» появилось сравнительно недавно. Казахстанский Союз Дизайнеров был образован группой дизайнеров в 1987 году для организационного обеспечения творческой деятельности, пропаганды достижений, обмена опытом, а также для защиты профессиональных интересов казахстанских дизайнеров. Необходимо отметить, что создание профессионального союза позволило значительно поднять престиж профессии дизайнера. Дизайн превратился в профессиональную отрасль, плотно занявшую свою нишу как на казахстанском, так и на мировом рынке.

Развитие дизайна в нашей республике подняло проблему профессиональной подготовки специалистов данного направления. Так, в ответ на все нарастающий интерес населения к этой специальности в 2001 г. в новый классификатор направлений подготовки и специальностей высшего профессионального образования введена специальность «Дизайн». Впоследствии были разработаны новые государственные общеобязательные стандарты образования, которые были значительно переработаны в 2004-2006 гг., и с тех пор вузы могут официально выдавать выпускникам дипломы государственного образца по указанной специальности.

На данный момент в Казахстане в системе высшего образования по специальности «Дизайн» официально существуют четыре специализации: архитектурный дизайн, графический дизайн, промышленный дизайн, дизайн костюма. Главным вузом по формированию стандартов и образовательных программ специальности «Дизайн» является Казахская архитектурно-

строительная академия. По специализации «Дизайн костюма» в целом по Республике существует уже более десяти кафедр, в том числе и кафедра декоративно-прикладного искусства художественно-графического факультета Казахского национального педагогического университета имени Абая.

Этим объясняется столь малое количество диссертационных исследований в области профессиональной подготовки дизайнеров, можно отметить лишь некоторые из них: Кошенов К.С. /1/, Лапп Г.В. /2/, Могильная А.В./3/, Ибрайшина Г.К. /4/.

Дизайну как средству развития профессиональных умений студентов художественно-графических факультетов педагогических вузов посвящено исследование К.С. Кошенова (Москва, 2007). Автор в своем исследовании разработал методику обучения дизайну, основанную на личностно-ориентированном, продуктивном и компетентностном подходе с использованием информативно-коммуникативных технологий. Авторскую методику формирования профессиональных умений студентов ХГФ исследователь построил на основе использования технологий: Flash и Java Applets. Технология Flash основана на использовании векторной графики в формате Shockwave Flash (SWF), разработанной компанией Macromedia®. Это векторный формат, но именно в нем его создателям удалось найти наиболее удачное сочетание между изобразительными возможностями графики, инструментальными средствами для работы с ней, а также механизмом включения результата в Web-страницы. Технология Java позволяет легко создавать графические пользовательские интерфейсы любого размера и сложности. Поэтому результаты экспериментального обучения веб-дизайну студентов ХГФ позволили утверждать о повышении их информационно-коммуникативных умений.

Формированию эстетически воспитанной личности будущего педагога-дизайнера на интегрированной основе (на базе специальности «Изобразительное искусство и черчение»), посвящено исследование Г.В.Лапп /2/. В работе разработана теоретическая модель эстетически воспитанной личности будущего педагога-дизайнера, выявлен комплекс педагогических условий, обеспечивающих процесс формирования эстетически воспитанной личности будущего педагога-дизайнера на интегрированной основе; обоснована и разработана методика формирования эстетически воспитанной личности будущего учителя изобразительного искусства и черчения как педагога – дизайнера на интегрированной основе.

Исследование Могильной А.В. посвящено педагогическим условиям формирования профессиональной культуры бакалавра дизайна/3/. Полученные результаты этого исследования позволяют утверждать, что модель формирования профессиональной культуры бакалавра дизайна с учетом выявленных педагогических условий и апробированная методика обеспечивают эффективное формирование профессиональной культуры бакалавра дизайна в целостном педагогическом процессе современного вуза.

Важным для нашего исследования является вывод о том, что современный дизайн – это комплексная междисциплинарная проектно -



художественная деятельность. Он представляет собой творческую деятельность, объединяющую в процессе проектирования достижения различных областей человеческой деятельности – искусства, техники, инженерного конструирования, социологии, экономики, технологии и направленную на создание эстетически совершенных и высококачественных продуктов /3/. Данное подтверждает нашу мысль о том, что владение компьютерными технологиями в области проектно-художественной деятельности будущего дизайнера костюма - одна из важных составляющих его профессиональной деятельности, и должна быть исследована в процессе его обучения в вузе.

Еще меньше исследований в области профессиональной подготовки дизайнеров костюма. А ведь высокая потребность в специалистах, способных работать, ориентируясь на существующий спрос, в условиях конкурентной рыночной среды определяют рынок труда Казахстана. Поэтому в настоящее время профессия дизайнера костюма приобретает высокий социальный статус и весьма актуальна. Так, среди казахстанских исследователей проблем профессиональной подготовки дизайнеров костюма выделяется исследование Г.К. Ибрайшиной /4/, которая отмечает, что в структуре профессиональной подготовки дизайнеров костюма основополагающими дисциплинами являются: технология и конструирование; проектные дисциплины, графика костюма и дизайн рекламы в индустрии моды, т.к. в мировой практике сейчас формируется специализация – Fashion Illustration (иллюстраторы моды); теория и история моды, традиции народного творчества и символика народного орнамента; прогнозирование моды (представление о реальном рынке, компаниях и брендах, механизмах и способах организации продаж, о тенденциях моды и принципах сезонности). Дизайнеры костюма должны быть готовы к аналитической, организационной и практической работе /4/.

Анализ научных трудов по изучаемой проблематике свидетельствует о признании всеми учеными того факта, что подготовка будущих дизайнеров костюма на основе компьютерных технологий остается недостаточно разработанной, хотя опыт развитых государств свидетельствует о том, что дизайн как ключевой элемент современной экономической политики обеспечивает ее устойчивость и конкурентные преимущества на мировом рынке. Поэтому комплексная проблема развития дизайна в нашей стране, прежде всего, выделяет систему подготовки специалистов соответствующего профиля, являющейся залогом эффективности и творческого развития всей сферы. Так, в 1960-х годах мощно заявили о себе дизайнеры из Японии, в 80-х – Бельгии, в 90-х – Великобритании. И это вполне объяснимая закономерность, проистекающая из масштабной государственной поддержки национальных дизайнеров. К сожалению, наша страна пока такой программой не обладает, хотя мода является важным элементом имиджа каждой страны.

Таким образом, на наш взгляд:

- дизайн объединяет несколько типов профессиональной проектной деятельности - от конкретного конструирования новых элементов формы технически мало отличающихся друг от друга изделий до проектирования моды, стиля в самом широком смысле. Таким образом, дизайн – это комплексный вид творчества, он тесно взаимосвязан с развитием искусства и различными типами культуры, внутри которой он распространяется как метод художественного предвидения и проектирования предметной среды;

- анализ профессиональной деятельности дизайнера показал, что эта профессия связана с постоянным созданием чего-то нового. Она является синтетическим видом деятельности, предусматривающим интеграцию различных видов подготовки; требует от дизайнера определенных качеств личности, таких как оригинальность мыслей, образное мышление, нестандартный подход в постановке и решении проблем, смелость в принятии решений, направленность в будущее, силы предвидения (интуиции) и прогнозирования. Особенности профессиональной деятельности дизайнера определяют требования к его профессиональной подготовке;

- дизайнер не может и не должен оставаться в стороне от происходящих в мире изменений, в том числе и научно-технического прогресса, развития культуры, цивилизации, ведь именно дизайнер формирует облик предметов, с которыми человек имеет непосредственный контакт, именно дизайнерская мысль руководит созданием образа пространственной среды, в которой человек живет, отдыхает, трудится, творит;

- новые возможности компьютерных программ позволяют создавать все более разнообразную продукцию. Естественно, возрастают и требования к профессиональной подготовке дизайнеров костюма, т.е. глубокое владение компьютерными технологиями, позволяющими осуществить комплексную автоматизацию проектирования одежды.

#### Литература:

1. Кошенов К.С. Дизайн как средство развития профессиональных умений студентов художественно-графических факультетов педагогических вузов: Автореф. ... к.п.н. – М.: МОПИ. – 2007. – 16 с.

2. Лапп Г.В. Формированию эстетически воспитанной личности будущего педагога-дизайнера на интегрированной основе (на базе специальности «Изобразительное искусство и черчение»): Автореф. ... к.п.н. - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2009. – 16 с.

3. Могильная А.В. Педагогические условия формирования профессиональной культуры бакалавра дизайна: Автореф. ... к.п.н. – Караганда: КарГУ им. Е. Букетова, 2009. – 18 с.

4. Ибрайшина Г.К. Ценностные ориентиры прикладного искусства // Мысль. - 2004. - №3. - 80-84.

## Түйін

Мақалада автор көркем жоғары оқу орындарында дизайнерлерді, атап айтқанда киім дизайнерлерін кәсіби деңгейде даярлауда, жан-жақты терең зерттеулердің қажеттілігін сөз етеді.

## Резюме

Автор в своей статье указывает на необходимость исследований в области профессиональной подготовки дизайнеров, и в частности дизайнеров костюма.

## Summary

The author in his article points to the need for research in the field of training designers and costume designers in particular.

## ПЕЙЗАЖ КЕСКІНДЕМЕСІНДЕГІ МАЙЛЫ БОЯУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Жәудір Жұбанышева –**

*Көркемсурет факультеті, «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының  
2 курс студенті*

Кескіндемедегі ең көп кездесетін жанр бұл – *табиғат көрінісі француздың – paysage «пейзаж» деген сөзінен шыққан*. Пейзаж кескіндемесі болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындауда кескіндеме курсының бағдарламасында маңызды рөлдердің бірін атқарады. Адамға табиғатты тамашалағаннан асқан рахат жоқ, табиғатта көбірек болған сайын, тек қана ормандағы, теңіздегі және шатқалдардағы табиғаттың әдемі жерлерін ғана көріп қоймай, сонымен қатар оларды біріктіре тұтас сезінеді. Табиғат шексіз әдемі және алуан түрлі. Күн сәулесі мен қоршаған тіршілік қаншама түрлі түске бай. Табиғатта бәрі әдемі, бәрі ауыспалы, бәрі бүтін. Табиғаттың адам өміріне әсері, терең ойлары мен толғанысы өмірге пейзаж жанрын алып келді.

Күн сәулесі мен қоршаған тіршілік қаншама түрлі түске бай. Пейзаж бейнелеу өнерінде ең эмоционалды аймақтардың бірі. Табиғатпен тілдесу суретшінің жан дүниесіндегі шығармашылық ойларының тыныс алуы болып табылады. Табиғаттың адамға әсер ететін күші, өзіне тартатын терең ой мен қобалжу, бейнелеу өнеріндегі пейзаж жанрын келіп тудырады. Пейзаж адамның жан дүниесіне күш береді және рухани байытады. Адам баласы өмірді, табиғатты, жарықты, ауаны, бояуды қаншалықты жақсы көрген сайын, суретшілер де пейзажды шынайы бейнелеуге тырысады.

Егер суретші табиғат көрінісін үйренбей тек ойынан шығарса – бұл қашанда жалғандық туғызады да, көрерменіне жағымсыз әсер әкеледі.

Қазіргі уақытта пейзаж жанры өте әйгілі. Тіпті өнерге қатысы жоқ адамдарға да әсер етпеуі мүмкін емес. Табиғат – бұл аспан, жер, үй, бидай,

орман, өзен. Табиғатты бейнелеу белгілі бір жақындықты танытатын, еске түсіруге еріксіз шақырады. Пейзаждың ерекшелігі картинада адамның қатыспауымен ғана анықталмайды. Пейзаж мотиві мен сюжеті, жеке драмалық бастамасы бар, өз тілінде көңіл күйді білдіретін және композициялық-бейнелеулік акценті бар барлық шығарманы байланыстыратын түйін ретінде белгілі бір аяқталған образ.

Жалпы кескіндеменің ішінде біз пейзаж кескіндемесіне тоқталатын болсақ, қазіргі заманда *пейзаж* дегеніміз не екенін кім білмейді? Бұл орман, ағаш, егістік, өзен, тау, және қала бейнеленген картина. Бұл өз бетімен өнер жанры болып бейнелеу өнерінің екі саласында кеңінен тараған, олар: графика мен кескіндеме. Кескіндеме пейзаж акварель, майлы бояу, пастельмен, гуашьпен, темперамен, ал графикада тушьпен, карандашпен, көмірмен, пастелмен, сиямен және басқа да материалдармен орындалуы мүмкін. Материалдардың түріне байланысты кенеп, қағаз, жібек, картон және т.б. беттерде әртүрлі фактура берілуі мүмкін.

Поэзия мен музыка сияқты бейнелеу өнері де адам жанына эстетикалық әсер береді. Пейзаж кескіндемесі болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындауда кескіндеме курсының бағдарламасында маңызды рөлдердің бірін атқарады. Бұған болашақ педагог-суретшілердің жазғы пленэр практикасы бірден-бір пейзажбен айналысу мүмкіндігі мол, ыңғайлы кезең деп айтуға болады. Ал «пленэр» деген сөздің түп мағынасына тоқтар болсақ, француз тілінен енген *plein air* – ашық ауа дегенді береді екен. Ал кескіндемедегі пленэр – ол ауа қабаты мен күн сәулесінің әсерінен өзгеріске ұшырайтын табиғат құбылысын бейнелеу.

Пленэрдегі жұмыстың аудиториядағы жұмыстан түбегейлі айырмашылығы бар. Пленэрге шыққан студент пейзажды бейнелеу, жарық пен ауа перспективасын берудің күрделілігі, колоритті таңдау, қызық мотив пен композиция таба білу мәселелеріне кез болады.

Пленэрде табиғат көрінісін бейнелеу үшін міндетті түрде студенттерге теориялық білім алмай, бірден табиғат аясында сурет салу қиындық әкеледі. Сол себепті студент өз жұмысын бастамас бұрын, мұқият ізденуі керек. Яғни оқытушыдан дәрістік семинарлық сабақ алу, сабақ барысында студент пен оқытушы арасында пейзаж жанрына байланысты сұрақ-жауап, талқылама, рефераттық тапсырма алу, белгілі суретшілермен кездесуді талап ету, көрмелерге бару, мұражайларға экскурсия, ескі суретшілер жұмысының альбомдарына анализ жасау т.б. көптеген тақырыптарда студент теориялық білім жинақтайды.

Пленэрде пейзаж жазу үшін арнайы жабдықтар: этюдник, планшет, немесе арнайы қағаз жиынтығы, жиналмалы орындық, қол шатыр, бояулар жиынтығы, картон, қағаз, кенеп, қылқалам және тағы басқа да көркемсуреттік материалдар мен құрал-саймандар жиынтығы керек.

Пейзаж негізінен үш қатардан тұрады. Артқы жоспарға аспан, тау, бұлттар, ортанғы жоспарға ағаштар, бұлттар, өзен және т.б. жатса, алдыңғы жоспарға жол, тастар, жол жағасындағы өсімдіктер жатады. Осы жоспарды ажыратып алмай пейзажда кеңістікті бере алмаймыз. Әрбір жоспардағы рең

әртүрлі. Ең әлсіз көрінер-көрінбес түстер артқы жоспарда орташа жарықтандырылған түстер ортаңғы жоспарда болса, ал айқын анық түстер алдыңғы жоспарда беріледі. Табиғаттағы пейзажды орындау өте қиын техникалық қиындықтарға байланысты бірден этюд дұрыс шыға қоймайды. Этюд жазу кезінде күн сәулесі кенепке де, палитраға да түспеуі керек, себебі сәуле түскен бояу күнмен шағылысып, суретші бояудың түсін дұрыс көрмей, бояу түсін өзгертіп алуы мүмкін. Кейіннен картинаны сәуле түспейтін ғимарат ішінде көргенде бояу түс тері мүлде басқа болып көрінеді. Пейзаж кескіндемесі суретшінің ашық кеңістіктегі өзгеше лабораториясы деп айтуға болады. Мұнда рең мен түсті түсінуді үйренуде табиғатың өзгеру жағдайларына көлеңке мен жарықтың өзгеруіне жылы суық түстердің өзара байланысына клоритті үйренуге әртүрлі қысқамерзімді жаттығу түрлерінде белгілі бір мақсатта және әртүрлі материалдарда эксперименттер жүргізуге болады. пленэр кезінде этюд жазуда әрбір минутты үнемдеу өте қажет. Күн сәулесінің өзгеріп отыруына байланысты суретшінің тәуліктің әр мезгілін (таңертеңгі, түскі, түс ауғанда, пешін уақытта, кешкі мезгіл, кешқұрым) күннің қозғалуына байланысты бейнелеп үлгеруіміз қажет. Алғаш этюд жазуда ашық күнде шыққан дұрыс. Табиғат құбылысының өзгеруіне байланысты күн сәулесінің түсуі де өзгеріп тұрады да, біраз уақыттан соң палитрадағы бояу түсі де өзгеріп кетеді. көңіл күй мен ынта болмай басталған жұмыс өзгеріс болған соң адамға әсер етіп, әрі қарай жұмысты аяқтау мүмкіндігі жоғалады. Әрине бұдан кейін жұмыс дұрыс шықты деп айта алмаймыз. Сондықтан пленэр кезінде пейзаж жұмысы жылдамдық пен шеберлікті қажет етеді. Пейзаж жанрындағы майлы бояумен жұмыс суретті орындап болғаннан кейін боямалау жұмысынан басталады. Майлы бояумен жұмыс жасағанда дайындық жұмыстарын орындауда суретті көмірмен жарық-көлеңкесін бере отырып салған дұрыс. Боямалау – кенеп бетіндегі жұқа жағылған түсті дайындық қабаты. Бұл кенеп бетіндегі негізгі реңдік және түстік қатынасты анықтайтын жағу үлгісі. Негізінен, боямалау картинаның үлкен жазықтықтарын жабуға арналған. Майлы бояуда гуаштағыдай ақ бояуды көп қолданудың қажеті жоқ. Басқа әдістерге қарағанда майлы бояумен жұмыс қиынырақ және ұзағырақ болуы мүмкін. Сулы бояуда негізгі бөлігін ақ қағаз алып жатса, мұнда ақ кенептің жұмысқа ешқандай қатысы жоқ. Майлы бояумен жұмыс жазғанда да әрине алдымен суреттен басталады, бірақ сулы бояудағыдай мұнда әрбір заттардың кішкене бөлшектеріндегі екінші орындағы суретті қалдырып, тек негізгі заттардың формасына байланысты контурлық сызықтарды ғана сызып алса болады. Ал жекелеген сызықшаларды бояу басып қалады. Оларды соңына таман майлы бояудың өзімен де жіңішке қылқалам арқылы орындауға болады. Жұмыс барысында әруақытта жұмыстың түстік қатынасын салыстыру мен жарық-көлеңке заңдылықтарын сақтап отыруды естен шығармау керек. Сонымен қатар бір затты екінші затпен, жарық жері мен қараңғы жерін, ашық түс пен күңгірт түсті және колориттің шешімін қадағалап тұру керек. Ал заттардың алдыңғы немесе артқы қатарда орналасқанынына байланысты кейде бірдей екі заттың түсі де реңі де ара қашықтыққа байланысты өзгеріп отырады.

Майлы бояуда ақ бояу егер цинктік немесе свинецтік бояу қосылғанда ғана кепкенде ағаруы мүмкін. Түстерді бір-біріне қосқанда айқайлаған қанық түстер бәсеңдейді. Гуаштағы дай ақ пен қара бояуды таза қалпында қолдану қажеттілігі жоқ. Майлы бояуда қою жағылған жақпа нәрселерді өзіңе жақындатады, ал сұйық тегіс жақпа керісінше алыстатады. Сондықтан фон немесе артқы қатар жоспарын алыстату үшін тегістеу етіп бояуды аздан жағу керек.

Кескіндемені оқытуда студенттер көбінесе үлкен сериялы натюрмортты майлы бояумен орындайды. Бұл әдістің мүмкіншілігіне байланысты, акварель бояуына қарағанда бояу қоспасының қанықтығы мен тығыздығы жағынан түстік орналастыру барысының өзі, студенттердің шығармашылық жұмысындағы жанрдың сюжеттік жағына тереңірек жақындауына және заттардың сапалы сипатына жету талабының алға жылжуына негізделген. Майлы бояу әдістері бейнелеу аймағындағы материалдарды анықтауға үлкен үлес қосады. Мысалы: металл және қыштан жасалған заттардың жарық жағындағы бликтің қатпарлы маталардың жұмсақ фактурасынан өзгешелігі. Көлеңке жағын сұйығырақ, ақ түссіз, орындаған жөн, ал жарық жағын заттың формасы бойынша айналдыра ашық қоспалармен жазу керек. Майлы бояуды жағуға қылқалам мен арнайы қалақшаны қолануға болады.

Күшті жарық жарықтануды күшейтеді, әртүрлі рефлексдер көбейеді, байқау орыны жан-жақтан ұлғайады, жарықтың түсуі тез өзгеріп отырады, осының барлығы табиғат құбылыстарының өзгеруінде немесе жыл мезгілінің әруақытында жұмыс жасау бастаушы суретшіге бірден қиындық туғызады. Жарықтанудың күштілігіне байланысты табиғи түстердің көбеюіне қарай, бояулар санының аумағындағы ашық түстердің аз болып қалуы мүмкін. Ал шеберханада жарықтанудың әлсіздігінен мұндай жағдайлар байқалмауы мүмкін. Пейзаж этюдін негізгі мақсаты – табиғаттың жарықтануының белгілі бір жағдайын бейнелеу, кеңістігі мен ауадағы байланысын анықтау. Пейзаж кескіндемесінің осы қасиеттеріне суретші жарықтанудың ортақ рендік және түстік жағдайы мен кеңістік перспективасын ескере отырып, түстік қатынастармен жұмыс жасау арқылы жетеді. Пейзаждық аймақ пен заттардың түстерінің қаныққандығы мен ашықтығына салыстыру және олардың табиғи көріністен айырмашылықтарын ажырата білу – этюдтің түстік қатынасын орналастырудың негізгі нәрселері. Пейзаж этюдін шебер жазу – олардың түстік қатынасын табиғи көріністегідей етіп бере білу. Пленэр кезінде бірінші, екінші, алыстағы қатарды бірдей, бірмезгілде көре білу керек. Алдындағы бірнеше аймақтық заттарды біреу, бүтін етіп көруіміз керек. Жазу кезінде де әрқайсысының ара қашықтығына қарамастан, бәрін бірдей жазып отырған жөн. Тек осындай жағдайда ғана пейзаждың барлық бөліктерінің перспективалық өлшемін дұрыс беріп, түстік қатынасы мен пропорциялық қашықтығын сақтай отырып, бейнелеудің бүтіндігін көрсете аламыз. Бастаушы суретшіге алғашында алыстағы заттардың түсін анық көру өте қиынға түседі. Оған заттармен сол аймақтың бұрынғы өзіндік түстері көлгендегідей елестеп, басқаша түстермен жұмыс жасауға кедергісін тигізеді. Бұрын байқаған зат қандай жарықта немесе құбылыста болмасын, біз оның

бұрынғы түрін есте сақтауымызға байланысты білеміз. Міне, тәжірибесіз суретші этюд жазғанда дәл осы заттардың табиғи түсін береді. Мысалы жасыл шөптің жүз немесе үш жүз шаршы жердегі түсін дәл алдында тұрған түспен береді, ал негізінде қандай түстегі нәрсе болмасын, алыстаған сайын айналасындағы түстер мен жарықтың түсуіне байланысты түстердің өзгеріп кеткенін байқай алмайды. Осының кесірінен кескіндемелік дұрыс сапалы этюд жаза алмайды. Заттар мен барлық аймақтардағы нәрселер күннің шығуы, таңның атуы, кештің түсуі, тал түсте немесе табиғи құбылыстарға да байланысты әртүрлі жарықтанып түстік қатынасы өзгеріп отырады.

«Жаңа бастаған суретші пейзажды бейнелеу үшін әдемі жерді тауып, оны жазу керек деп ойлайды. Бұл қате ой. Суретші табиғатты фотобейнеге түсірмейді, ол табиғатты талқылап, одан образ тудырады», - деп жазды белгілі орыс суретшісі Г.В.Беда/ 2, 196 б./.

Майлы бояумен қысқамерзімді көптеген этюдтер орындағанда ғана, кенеп бетінде қайталап бере алу қабілетін өсіруге болады. Суретші күнделікті бір нәрсені тұлғасына қарап отырып, айнытпай көшіріп үйренуі керек. Сол сияқты байқауды, есте сақтауды, дүниедегі әртүрлі қызық, ғажап, маңызы нәрселерді аңғаруды, сезуді үйренбейінше суретші композицияны да бір дегенде өзінше үйрене алмайды. Тек материалды әбден байқап, зерттеп болғанда ғана алдында тұрған зат шығарма үшін бағалы материалға айналады.

Болашақ бейнелеу өнері мамандығында оқитын студенттер бұл тәжірибелерді үйренбей тұрып, пленэр кезінде бірден қажетті дәрежеде жұмыс орындай алмайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Стасевич В.Н. Пейзаж. Картина в действительность: Пособие для учителей. - М.: Просвещение, 1978. - 176 с.
2. Беда Г.В. Живопись. – М.: Просвещение, 1986. - 192 с.
3. Рабилова З.Ж. Пленэрлік практика курсы: Оқу құралы. - Алматы, 2010. - 100 б.

#### Резюме

В статье автор рассматривает некоторые проблемы методики преподавания профессиональной практики (пленэр), а также рассматриваются вопросы подготовки будущих художников-педагогов на занятиях живописи на художественно-графическом факультете.

#### Summary

Certain problems of professional picturesque preparation future artist-teacher are considered In article on пленэрной practical person, as well as methods of his(its) teaching in average general school.

## С о д е р ж а н и е

<b>Альмухамбетов Б.А., Шайгозова Ж.Н.</b> 12-летняя школа – реальность современного Казахстана. . . . .	3
<b>Атчибаева Ж.Ж.</b> Значение преподавания начертательной геометрии в изучении графических дисциплин. . . . .	9
<b>Сманова А.С.</b> Ұлттық киім үлгісін әзірлеу ерекшеліктері. . . . .	12
<b>Киргизбекова С.С.</b> Войлоковаляние - от ремесла к искусству. . . . .	17
<b>Оразаева К.</b> К вопросу о проблемах современного художественного образования. . . . .	23
<b>Рабилова З.Ж.</b> Педагогические условия формирования профессионально-творческой активности будущих учителей изобразительного искусства (в условиях пленэрной практики). . . . .	28
<b>Рысымбетов Е.Қ.</b> Шығармашылықты арттырудағы ұлттық тәрбиенің рөлі. . . . .	35
<b>Тлеужанов А.К.</b> Студенттердің живопись сабағындағы композициялық ойлау деңгейін анықтау критерийлері. . . . .	38
<b>Жакупова А.Е.</b> Особенности первого этапа обучения ученика и принципы подбора вокально-педагогического репертуара в процессе развития певца. . . . .	41
<b>Нусипжанова А.М.</b> К вопросу о развитии музыкального слуха. . . . .	46
<b>Молдасан Н.</b> Кескіндеме өнеріндегі ұлттық тақырыптағы туындылардың бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі рөлі. . . . .	50
<b>Сейлхан Е.</b> Бастауыш сынып оқушыларына кескіндеме өнері арқылы шығармашылық жұмысқа қызықтыруда сеп-түрткілер заңдылықтарын білудің маңыздылығы. . . . .	53
<b>Абдуллаева Г.Д., Садыбек А.</b> Декоративное искусство в формировании представлений об окружающем мире. . . . .	57
<b>Ермекова С.А.</b> Йозеф Гайдн және оның европалық симфониялық музыкасының дамуына қосқан зор үлесі. . . . .	63
<b>Кунусбаева Ж.Б., Жетпісбаева Б.С.</b> Қазақстан бейнелеу өнеріндегі жаңа тенденция. . . . .	68
<b>Бекова Г.А.</b> Болашақ суретші-педагогтардың кәсіби-көркемдік құзыреттілігін қалыптастыру. . . . .	73
<b>Танеке Г.К.</b> Дизайн одежды в Казахстане (вопросы профессиональной подготовки дизайнеров костюма). . . . .	78
<b>Жұбанышева Ж.</b> Пейзаж кескіндемесіндегі майлы бояуды қолданудың мүмкіндіктері. . . . .	82



## **ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК**

**«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы - әдістемесі» сериясы  
Серия «Художественное образование: искусство – теория - методика»  
№ 3 (28), 2011**

*Берілген түпнұсқадан тікелей репродукциялық әдіспен басылады*

Қазақстан Республикасының мәдениет  
және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10099-Ж

2001 ж. бастап шығады.  
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Басуға 08.07.2011 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 6,8 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 217.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспаханасы

